Тыйым салынған мүлікті өткізуге беру туралы
ҚАУЛЫ

14.10.2026 Шымкент қ.

Шымкент қаласы атқарушылық округының жеке сот орындаушысы АХМЕТОВА МАРИЯ ОРАЗАЛЫЕВНА 9 бап 1 тармақ 1 тармақша Сот актілерінің негізінде берілетін атқарушылық парақтар ӘУЕЗОВ ауданы соты 2 10.04.2025 жылы негізінде қозғалған Жауапкер Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтен талап қоюшы Бакиров Байтанатар Шакеновичтің пайдасына 18 558 450 (он сегіз миллион бес жүз елу сегіз мың төрт жүз елу) теңге қарыз ақша өндіру туралы туралы (борышкер СЕЙТАНОВ САЙЛАУБАЙ ТУРСЫНОВИЧ ЖСН 701213301233, өндіріп алушы БАКИРОВ БАЙТАНАТАР ШАКЕНОВИЧ ЖСН 580920302691) №377/25-79-5216 атқарушылық іс жүргізу материалдарын қарап,

БЕЛГІЛЕДІ:

Шымкент қаласы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы ЖСН /810518402632/ Ахметова Мария Оразалыевнаның өндірісінде Алматы қаласы Әуезов аудандық №2 сотының 2020 жылғы 23 қарашадағы №7540-20-00-2/914-1 атқару парағы негізінде борышкер Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтен өндіріп алушы Бакиров Байтанатар Шакеновичтің пайдасына 18 558 450 (он сегіз миллион бес жүз елу сегіз мың төрт жүз елу) теңге қарыз сомасын өндіру туралы атқарушылық құжат жеке сот орындаушысының өндірісіне келіп түсті. Аталған атқарушылық құжат бойынша 2025 жылғы 10 сәуірде №377/25-79-5216 атқарушылық іс жүргізу қозғалды.

Өндіріп алушы Бакиров Байтанатар Шәкенұлының 2025 жылғы 21 қарашада қайтыс болуына байланысты, Алматы қаласы Әуезов аудандық сотының 2026 жылғы 31 наурыздағы №7540-26-00-2м/2866 ұйғарымы негізінде, 2026 жылғы 13 шілдеде өндіріп алушы ретінде оның құқық мирасқоры (мұрагері) Бакирова Шолпан Арысбаевна ауыстырылды.

Атқару құжатын орындау барысында борышкер Сейтанов Сайлаубай Турсынович /ЖСН:701213301233/ Сейтанова Асия Сарабаевнамен /ЖСН: 830422402288/ атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (әрі қарай АІЖО ААЖ) мәліметіне сәйкес 06.04.2004 жылы Заңды некеде тұрғандығы анықталды.

Сонымен қатар, меншік құқығында ортақ үлесте Шымкент қаласы, Нұрсат мөлтек ауданында сауда үй құрылысын салу үшін берілген, көлемі 0,0400 га, кадастрлық нөмірі 19-309-001-329 жер учаскесі тіркелгені анықталды және жеке сот орындаушысының қаулысымен тыйым салынды.

«Центр Профессиональной Оценки» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 10.07.2026 жылғы №26-0373/1 жылжымайтын мүлікті бағалау туралы есебіне сәйкес, борышкер /ЖСН:701213301233/ Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтің және Сейтанова Асия Сарабаевнаның меншік құқығындағы ортақ үлесте Шымкент қаласы, Нұрсат мөлтек ауданында сауда үй құрылысын салу үшін берілген, көлемі 0,0400 га, кадастрлық нөмірі 19-309-001-329 жер жер учаскесі 43 611 000 (қырық үш миллион алты жүз он бір мың) теңгеге бағаланған.

2026 жылғы 10 тамыз №5242-26-00-2м/44569 санды Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының Үйғарымы негізінде борышкер Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтің Шымкент қаласы Нұрсат мөлтек ауданында орналасқан сауда үй құрылысын салу үшін берілген, көлемі 0,0400 га, кадастрлық нөмірі №19-309-001-329 санды жер учаскесі жылжымайтын мүлікте ½ мөлшері анықталған.

*Атқарушылық іс жүргізу тараптары https://aisoip.adilet.gov.kz мекенжайы бойынша АІЖО ААЖ порталында тіркеліп, атқарушылық іс жүргізу материалдарымен таныса алады.

Осыған байланысты, 27.08.2026 жылы №26-0373/1 санды 2026 жылғы 10 шілдедегі, жылжымайтын мүлікті бағалау туралы есебіне сәйкес, борышкер /ЖСН:701213301233/ Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтің және Сейтанова Асия Сарабаевнаның меншік құқығындағы ортақ үлестегі Шымкент қаласы, Нұрсат мөлтек ауданында сауда үй құрылысын салу үшін берілген, көлемі 0,0400 га, кадастрлық нөмірі 19-309-001-329 жер жер учаскесінің тиесілі ½ үлесті сатып алу құқығы берілді.

Мүліктің бағалау құны 43 611 000 (қырық үш миллион алты жүз он бір мың) теңгені құрайды. Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтің ½ үлестің құны 21 805 500 (жиырма бір миллион сегіз жүз бес мың бес жүз) теңгені құрайды.

2026 жылғы 14 қыркүйектегі № 5242-26-00-2м/23173 санды Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының ұйғарымы негізінде борышкер Сейтанов Сайлаубай Турсыновичке тиесілі, Нұрсат шағын ауданында сауда үйінің құрылысын салу үшін берілген, көлемі 0,0400 га, кадастрлық нөмірі № 19-309-001-329 жер учаскесіндегі сот актісімен айқындалған ½ үлесінен өндіріп алу белгіленген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 3 – тармағына, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі-ҚР АІЖК) 21-бабына сәйкес заңды күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулылары мен бұйрықтары, сондай-ақ заңды өкімдері, талаптары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, басқа да заңды тұлғалардың қоғамдық бірлестіктері үшін міндетті адамдар, лауазымды адамдар және азаматтар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға жатады.

Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мә ртебесі туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 37-бабына сәйкес, сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді қозғаумен бір мезгілде осы Заңда көзделген атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

Жоғарыда көрсетілген атқарушылық құжатты орындау үшін ҚР Заңының 27, 28-баптарына сәйкес сот орындаушысы борышкерге жоғарыда көрсетілген атқарушылық құжаттың талаптарын орындау қажеттігі туралы 28.04.2025 жылғы хабарлама берілген, сондай-ақ атқарушы құжаттың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында борышкерге тіркелген жылжымалы және жылжымайтын мүліктің болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді тіркеуші органдардан АІЖО ААЖ-сі арқылы сұратылды.

Заңның 74-бабының 1-тармағына сәйкес, айналымнан заң бойынша алып қойылған мүліктен басқа, тыйым салынған мүлікті өткізуді тыйым салу негіздеріне және осы Заңның 77-бабының 3-тармағында көрсетілген мүлікті қоспағанда, мүлік түрлеріне қарамастан, сот орындаушысы электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің бірыңғай электрондық сауда алаңында не бірыңғай электрондық сауда алаңында жүргізеді, оны таңдауды Республикалық палата уә кілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

Заңның 74-бабының 2-тармағына сәйкес, сот орындаушысы мүлікке тыйым салынғаннан және бағалау жүргізілгеннен кейін және мүлік өткізілгенге дейін бір мезгілде бағалау туралы есеппен таныстыра отырып, борышкерге оның жазбаша өтініші бойынша бір айдан аспайтын мерзімде тыйым салынған мүлікті жасалған күнінен бастап бір жылдан аспайтын уақыт өткен бағалау туралы есепте көрсетілген бағалау құнының жетпіс бес пайызынан төмен емес құны бойынша дербес өткізу құқығын береді.

Заңның 77-бабының 1-тармағына сәйкес, борышкердің мүлкін өткізуге беру туралы сот орындаушысы қаулы шығарады.

Заңның 39-бабының 1-тармағына сәйкес, мерзімді өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды қоспағанда, сондай-ақ заңнамалық актілермен орындаудың өзгеше мерзімдері белгі ленгеннен басқа жағдайларда, атқарушылық құжаттар бойынша сот орындаушыларының орындауы атқарушылық іс жүргізу қозғалған күннен бастап екі айдан аспайтындай мерзімде аяқталуға тиіс.

*Атқарушылық іс жүргізу тараптары https://aisoip.adilet.gov.kz мекенжайы бойынша АІЖО ААЖ порталында тіркеліп, атқарушылық іс жүргізу материалдарымен таныса алады.

Заңның 2-бабына сәйкес, азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот шешімдерінің негізінде берілетін атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды м індетті және уақтылы қолдану атқарушылық іс жүргізудің міндеттері болып табылады.

Жоғарыда аталғанның негізінде, Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 10-бабының 1-тармағын, 74, 75, 76 және 77-баптарын, 126-баптың 1-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. № 377/25-79-5216 санды 10.04.2025 жылғы атқарушылық іс жүргізу өндірісі бойынша борышкер ЖСН /701213301233/ Сейтанов Сайлаубай Турсыновичке тиесілі, Нұрсат мөлтек ауданында орналасқан сауда үй құрылысын салу үшін берілген, көлемі 0,0400 га, кадастрлық нөмірі №19-309-001-329 санды жер учаскесіндегі сот актісімен анықталған ½ үлесінің бастапқы құны 21 805 500 (жиырма бір миллион сегіз жүз бес мың бес жүз) теңгемен сатуға берілсін.


2. Борышкердің мүлкін өткізуге жұмсалатын шығыстар атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарға жатқызылсын.

3.Қабылданған шешім туралы атқарушылық іс жүргізу тараптарына, олардың өкілдеріне хабардар етілсін.

4. Жеке сот орындаушысының қаулысы шығарылған күнінен бастап күшіне енеді, міндетті түрде орындалуға тиіс және оған Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сотқа он жұмыс күні ішінде шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін. Егер сот орындаушысы қызмет көрсететін аумақтық учаске тіркелген жер атқарушылық әрекеттер жасалатын жермен бір елді мекенде болса, шағым атқарушылық әрекеттер жасалатын жер бойынша беріледі.

Жеке сот орындаушы **АХМЕТОВА МАРИЯ ОРАЗАЛЫЕВНА**

*Атқарушылық іс жүргізу тараптары https://aisoip.adilet.gov.kz мекенжайы бойынша АІЖО ААЖ порталында тіркеліп, атқарушылық іс жүргізу материалдарымен таныса алады.



Сот орындаушысының электрондық қаулысының түпнұсқалығын тексеру https://aisoip.adilet.gov.kz порталында іске асырылады.
«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы №370-2 ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес аталған құжат қағаз тасымалдағыштағы құжатқа шамалас.

Бірегей нөмір: 3188a72d-821f-41b4-8f0b-b65d1a632d3e

*Атқарушылық іс жүргізу тараптары https://aisoip.adilet.gov.kz мекенжайы бойынша АІЖО ААЖ порталында тіркеліп, атқарушылық іс жүргізу материалдарымен таныса алады.